

**ТҮРКІ ӘЛЕМІНІҢ ДИДАКТИКАЛЫҚ-ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ӘДЕБИЕТ ДӘСТҮРІ
– ЖҮСІП ЕШНИАЗҰЛЫ ПОЭЗИЯСЫНДА/ DIDACTICAL-PHILOSOPHICAL
LITERATURE BY TRADITION IN THE POETRY OF ZHUSSIP YESHNI AZULY**

Құдайберген МӨМБЕТОВ*

Түйіндеме

Түркі халықтарының ерте дәуірден дәстүрін, ұлттық бірлігін, мәдени өркениетін, әдебиетін дамытып, сақтап келе жатқан дидактикалық әдебиет дәстүрі, қазақ әдебиетінің тарихындағы көрнекті тұлғалардың мұралары халықтың өз ортасында жайылып, ұрпақтардың жүректерінде сақталды. Халықтың арасындағы адамгершілік, эстетикалық тәлім-тәрбие құралы болған сөз өнері мұраларының көркемдік тағылымы барлық уақытта да жоғалмайды. Түркі халықтарының дидактикалық-философиялық әдебиет дәстүрінің сақталып дамуы бүгінгі тәуелсіздікке қол жеткізген түркі халықтарының қайта жаңғырып, мәдени, рухани өркендеп дамуына, Қазақ елінің «Мәңгілік Ел» идеясын дамытуына мол септігін тигізеді. Дидактикалық-философиялық әдебиет дәстүрінің сақталуы, дамуы – ежелгі түркі, араб, парсы, үнді, жалпы Шығыс әдебиетіндегі жазба әдеби дәстүрдің сақталып, жаңғыра жалғасып дамуы. Дидактикалық-философиялық әдебиет дәстүрінің дамуына Еуропалық мәдениеттің мазмұнындағы көркемдік-эстетикалық сапалардың да ықпалы болғандығы жоққа шығарылмайды.

Мақалада қазақ ақын-жыраулары мұраларында осындай сапалық қасиеттердің тоғысы қатарлас дамуының дәстүрі мен жалғастық заңдылықтары тұрғысында танылатын табиғаты сараланады.

Түркі халықтарының дидактикалық-философиялық әдебиет дәстүрі және қазақ әдебиетінің көп ғасырлық дамуы мазмұнында ұлттық және әлемдік әдебиет дәстүрінің сабақтасуының әдеби-тарихи, мәдени құндылықтары, ұлттық әдебиет тарихының көрнекті өкілі – Жүсіп Еш尼亚зұлының әдеби мұрасы қазақ фольклорымен, жыраулар поэзиясымен және сонау Тоныкөк, Күлтегін, Білге қағандар армандаған «Мәңгілік Ел» болу мен ел бірлігі, Қазақ хандығының тұтастығы үшін арпалысқан Сыпыра, Асанқайғы, Шалкиіз, Доспамбет, Бұхар т.б. жыраулар шығармаларымен сабақтастыра қарастырылады.

Кілт сөздер: Насихат, Түркі қағанаты, дидактикалық-философиялық әдебиет, поэтикалық сұхбат, нақыл сөздер.

Abstract

Tradition of didactic poetry which serves to save tradition, national unity, cultural values, and literature of Turkic people from the early periods causes to spread heritages by well-known persons of Kazakh literature history and to save them in youth memories. Artistic education of oratory the means of human and esthetic upbringing between people will be never lost. The existence and development of Turkic tradition of didactic and philosophical poetry facilitates the great contribution to its development and to the national Kazakh idea “Mangilik El”. The development of didactic and philosophical poetry means the continuation

* филология ғылымдарының кандидаты, Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркология ғылыми-зерттеу институтының аға ғылыми қызметкері Түркістан-Қазақстан/Candidate of philological sciences, Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkology Scientific Research Institute, senior scientist, Turkestan-Kazakhstan.

of literary written tradition of Turkic, Arabian, Persian, Hindi, in general East literature. It is undoubted that the artistic-esthetic tradition from European culture content also contributed the tradition of didactic-philosophical poetry.

The nature between tradition and continuation rules of such kind qualitative approach and its parallel development of Kazakh poetry heritage is deeply analyzed.

The tradition of didactic-philosophical poetry of Turkic people, Zhussip Yeshniazuly's literary heritage and its long-period development is comparatively considered together with Assan Kaigy, Shal Kiiz, Dospambet, Bukhar zhyrau etc. who struggled for unity of people and desired peaceful idea of "Mangilik El", the idea of earlier Tonykok, Kultigin, Bilge etc.

Key words: Edification (Propaganda), Turkic Khanate, Didactic-philosophic literature, Poetic Talking, Aphorisms.

Түркі дәуірінен дәстүрлігін сақтап дамып келе жатқан дидактикалық-философиялық әдебиет XIX ғасыр мен XX ғасырдың басында өз құндылығымен ерекшеленді.

Қазақ әдебиетінің тарихындағы көрнекті тұлғалардың мұралары халықтың өз ортасында жайылып, ұрпақтардың жүректерінде сақталды. Халықтың ортасындағы адамгершілік, эстетикалық тәлім-тәрбие құралы болған сөз өнері мұраларының көркемдік тағылымы барлық уақытта да жоғалмайды. Қазақ әдебиетінің тарихында талай-талай ақындардың шығармалары әлі де танылмай алыс жатқаны – тарихтың ақиқаты.

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ әдебиеті дамуында бірнеше ерекшеліктері сараланып көрінеді: біріншісі – ауызша дәстүрлі ақындық-жыраулық дәстүрдің сақталуы, дамуы; екіншісі – ежелгі түркі, араб, парсы, үнді, жалпы Шығыс әдебиетіндегі жазба әдеби дәстүрдің сақталып, жаңғыра жалғасып дамуы. Осындай екі арналы әдеби даму жолындағы ақындық-жыраулық өнер мазмұнына, әрине, Еуропалық мәдениеттің мазмұнындағы көркемдік-эстетикалық сапалардың да ықпалы болғандығы жоққа шығарылмайды. Қазақтың ақын-жыраулары мұраларында осындай сапалық қасиеттердің тоғысы қатарлас дамуының дәстүрі мен жалғастық заңдылықтары тұрғысында танылатын табиғаты саралана байқалады.

Қазақ әдебиетінің көп ғасырлық дамуы мазмұнында ұлттық және әлемдік әдеби дәстүрлердің сабақтасуы айрықша байқалады. Жеке тұлғалардың шығармашылық қалыптасуы, даралана танылуы халықтық өнердің ежелден келе жатқан әдет-ғұрыптың тұрмыстық дәстүрлеріне сәйкес болды. Әдет-ғұрыптың тұрмыстық дәстүрлеріне поэзияның насихаттық арқауы болды. Яғни, ақындар барлық шығармаларында да халықтардың тарихымен, тұрмыс-салтымен тығыз байланысты мәселелерді жырлады. Ақындар халық тұрмысының аса өзекті мәселелерін жырлауда реалистік, танымдық тұрпатты көркем шығармаларды халыққа ұсына білді.

Қазақ сөз өнері тарихында жазбаша және ауызша ақындық дәстүрді ұштастырған шығармашылық тұлғалардың ұлттық мәдениетке қосылған мұраларын талдау, бағалау жалғаса беретін жұмыс. Бұл орайда, біз ұлттық әдебиет тарихының көрнекті тұлғаларының бірі – Ешниязұлы Жүсіп (1871-1927) ақынның әдеби мұрасын қазақ фольклорымен, жыраулар поэзиясымен сабақтастыра қарастырамыз.

Ақынның лирикалық, дидактикалық-фольклорлық өлеңдері, айтыстар, дастандары – халық ортасындағы жыршы-термешілердің, әншілердің орындалуы

арқылы сақталды. Кейіннен арнаулы жинақтарда да жарияланды, жеке кітаптары да жарық көрді.

Ақындар – ел тарихының елеулі тұлғалары. Ақын жырлары, әдетте, жырау поэзиясындағыдай нақыл, афоризм түрінде келмейді. Бұл тұрғыдан келгенде ақын туындылары мейлінше қарапайым. Алайда ақын поэзиясы жырау поэзиясына қарағанда әлдеқайда елгезек, сол себепті де ақын жырларының тақырыбы сан алуан. Өмірде күнделікті болып жатқан оқиғалар, тұрмысқа, салтқа байланысты жырлар, көңіл-күй міне, осының бәрі ақын назарына ілінуі мүмкін. Ақындар тіпті жырау өлеңге қосуды айып көрген «ұсақ-түйек» мәселелерді де жыр ете берген (Мағауин: 1968, 131).

М.Әуезов: «Қазақтар бөгеліссіз экспроматпен өлең шығара білген адамдарды ғана ақын деп таныған», – десе, ал И.Безверхов: «Қазақтардың түсінігінше ақын дегеніміз бойына ерекше қабілет дарыған, аңғарымпаз да тапқыр, табан аузында кез келген тақырыпқа өлең шығара алатын адам» (Мағауин: 1968), – дейді (И.Безверхов. Степные уленчи и акыны. – «Особое приспособление к «Акмоленским обл. Ведомостям», 1893, № 16).

Ақындар шығармалары мен қоғамдық-әлеуметтік қызметтерін ұштастырған олар халықтың құрметіне ие болған. Өмірдегі адамгершілік іс-әрекеттері мен шығармаларындағы ойлары ұштасқан. Сондай абзал жандар – ұлттық мақтанышымыз. Жүсіп Ешниязұлының ақындығы – қазақ және әлем әдебиетіндегі дидактикалық-философиялық поэзияның жалғасы.

Жүсіп Ешниязұлының ақындығы қалыптасқан өлкеде жалпы қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңдеріне ортақ ерекшеліктер байқалады. VIII–XIV ғасырлардағы ежелгі түркілік ортақ әдеби дамуының, оның ішінде Түркістан атырабындағы суфизм ақындарының (Қожа Ахмет Иассауи, Сүлеймен Бақырғани (Шорахан), Ахмет Иүгінеки т.б.) сарындарының жалғасуы аңғарылады.

Сонымен бірге Шығыстың классикалық әдебиеті және фольклорлық мұралары негізінде дамыған шайырлық (жазба ақындық) дәстүр де кең өрістеді. Бұл әдеби үрдістің жалғасуында VIII–XVIII ғасырлардағы Қазақ хандығы тұсындағы жыраулар поэзиясындағы дидактикалық-философиялық сарынмен жырлау дәстүрі де кеңейтіле дамытылды.

Синкретикалық өнер тұтастығына құрылған әнші-ақындық дәстүр де сақталды. Сөз тұтастығы аясындағы орындаушылық (әншілік, жыршылық) өнерді (термешілік, жыршылық) дамытқан шеберлер ақындар мұраларының сақталуын қамтамасыз етті.

Дидактикалық поэзия дәстүріндегі шайыр (жазба ақындар) мен суырып салма төкпе ақындардың шығармашылығында ауызша және жазбаша шығарылған дидактикалық-философиялық поэзия дәстүрінің эстетикалық ықпалы дамыды.

Жүсіп Ешниязұлы – Сыр бойындағы түркілік дәуірден дамып, дәстүрлігін сақтап келе жатқан дидактикалық-философиялық ақындық өнерді дамытушы тұлға. Осындай арнасы кең, терең мазмұнды дәстүрден тәлім алған Жүсіп Ешниязұлының мұрасы Сыр өлкесіндегі ақындық өнер сипаттарының сан қырлылығын көрсетеді. Ол – Сырдария жағалауларының маңайында халық арасында хат арқылы айтысатын («Үш шайырдың айтысы», «Бес шайырдың айтысы», «Сегіз шайырдың айтысы», «Он алты шайырдың айтысы») шығармашылық топтың өнер сайысы дәстүрін қалыптастырушылардың бірі.

Сыр сүлейлерінің бірі – Омар Шораяқов 1894 жылы жазған «Сөйле, тілім, жосылып» деген өлеңінде:

Шайырлық жолы шартарап,
Болғаным жоқ түсініп.
«Адасқанның алды жөн»
Ортаңа түстім шешіліп.
«Пәлі, жорғам, дұрыс!» деп,
Көңілімді қойдың өсіріп.
Көңіліңді, халқым, аулайын,
Сөз саумалап ішіріп (Шораяқов: 1984, 8].

«Шайырлық жолы шартарап», «Болғаным жоқ түсініп» деген өлең жолдары арқылы ақын поэзияның ауыр жүгімен қоса қаншалықты азаматтық міндет жүктейтінін тұспалдап жеткізіп отыр. Демек, «Шайырлық» халық тарихының шындығына үнемі көз тігуі, адам өмірінің қалыптасу жолдарын шынайылықпен бейнелеуі, адамзат армандарын азаматтық парызым деп өлең өрнегімен паш етуі, соның нәтижесінде шайыр шығармаларының көптің көкейіне жету сыры көбінесе оның елге етене жақын жүріп, қайнаған өмірдің қақ ортасында болуына байланысты.

Сыр өңіріндегі ақындардың өзіне дейінгі және өзімен тұстас жыр сүлейлерін дәріптеп жырлайтын дәстүрі бар. Мысалы, Базардың «Сөйле, тілім, жалпылдап», Тұрмағамбеттің «Әр елдің бар бұлбұлы», Омардың «Ұстаздарым», Нартайдың «Мен кімін», Қуаныштың «Сымбатты Сырдың сұлу сүлейлері» деген терме-толғаулары бар. Жүсіп Ешниязұлы да «Ұстаз» атты толғауында, сонау Фердоуси, Сәйхалиден бастап берідегі Абай, Бұдабай, Өзілкеш, Ерімбет, Шәді, Тұрмағамбет, Омар, Есенжол, Қаңлы Жүсіп, Шегебайларды өзіне ұстаз тұта жырлайды. Бұлайша жырлау дәстүрін кейін Салқынбаев Тұрымбет, Құлмырзаев Кенжеқожа, Молдахмет Дабылұлы, Баймағамбетов Қуаныш, Үркімбаев Төлеубай, Көкенов Манап және т.б. жалғастырды.

Сыр өңіріндегі айтыс ақындарының шығармашылығында қазақтың әнші ақындары айтыскерлік өнері ізіндегі шеберлік үлгісі де өрістеді. Атақты Біржан салдың, Шашубайдың, Исаның айтыстары – бүкіл әнші ақындар мектебіндегі өзекті желі болып келеді. Бұл желі XIX ғасырдың 80-жылдарынан бастап қалыптаса бастаған әнші ақындар поэзиясының ақындық даусын шығарған құралы болып келеді.

Әншілік-композиторлық пен ақындық атты арқалы шабытты екі өнердің туын көтерген Сырдың әнші ақындары Ешнияз, Нартай, Мұзарап, Күндебай және Мольбаев Нұғыман, Құлмырзаев Молдағали, Жүргенбаев Әбділда, Дүрбаев Құтбай, Аралбаев Жалғасбайлар Сыр өлкесіндегі айтыс өнерінде өздеріне лайық із қалдырды. Жүсіп Ешниязұлының ақындығы қалыптасқан Сыр өңіріндегі шығармашылық ортаның ерекшелігі халық ақындары әдебиетінің жазбаша және ауызша дәстүрін қатар ұстануы. Сыр бойы ақындары ортасында шығармашылық жазба әдеби дәстүрдің орын тебуінде Шығыстық жазба әдебиетпен аралас-құралас болуының ықпалы болды. Сыр бойының ақындарын «Шайыр», «Сүлей» деп атаудың да түпкі төркіні осыған байланысты.

Осы Шығыстың жазба әдебиетінің әсерінен Сырдағы айтыс ақындары жырлаған айтыс өнерінің тек осы өңірге тән түрлері даралана қалыптасқан. Ол – бірінші екі-үш ақын бір тақырыпқа байланысты өздерінің ақындық өнерлерін ортаға төгеді және мұны көзбе-көз отырып емес, хат арқылы жазысатын болған. Сыр ақындары айтыстарындағы өнер тілімен пікір жарыстыру поэзияның шынайы халықтық сипатын күшейте түсті. Ақындар поэзияның көсем сөздік, дидактикалық-философиялық қызметін дамыта түседі.

Қармақшы өңірі Сыр өлкесіндегі жыр жүйріктерінің үлкен шоғырын құрайтын қасиетімен, олардың ұрпақтарымен бірге жыр керуенінің алдыңғы сапында келеді. Халықтық сөз өнерінің ауызша (импровизация) әрі жазбаша үлгілері қатар дамыған бұл

өңірде қазақ әдебиеті тарихына «Сыр сүлейлері», «Сыр шайырлары» деген атаулармен енген сөз шеберлері артына мол әдеби мұра қалдырды.

Орта Азиядағы көршілес елдердегі медреселерден тәлім алған Қармақшы өңірінің ақындық өнері табиғатында Шығыс әдебиетінің байырғы дәстүрімен дамыған жазбаша әдеби мұра толық қалыптасты. Базар Оңдасұлы Жиенбай Дүзбенбайұлы, Ешнияз Жөнелдікұлы, Ерімбет Қалдыбекұлы, Даңмұрын Кенжебекұлы, Оңғар Дырқайұлы, Тұрымбет Салқынбайұлы, Молдахмет Дабылұлы, Тұрмағамбет Ізтілеуов, Омар Шораяқов, Жүсіп Ешниязұлы мен Жүсіп Кәдірбекұлы, Үбісұлтан Аяпұлы, Мұзарап Жүсіпов тағы басқа ақындар мұрасы халық арасынан жазып алу және ауызша айтысу арқылы таратылып отырылды. Солардың мұрасын ауызша таратып айтудағы қалыптасқан дәстүр – сол ақындардың атымен айтылатын әуен-мақамды сақтап жырлау. Жырлаушылардың өмір сүрген өз тұстарында және кейінгі бірнеше буын термешілер сол ақындардың өлеңдерін жаттап жырлауда ақын-жыраулардың авторлық әуен-мақамдарын қатаң сақтап келеді.

Сыр өлкесіндегі мақам-әуен сазы бір Қармақшы өңіріндегі «Жиенбай сазы», «Сәрсенбай сазы», «Кете Жүсіп сазы», «Мұзарап сазы» деп аталатын мақам-әуендердің үлес салмағы айрықша маңызды. 60-жылдардың аяғынан бастап талантты жас жырау Көшеней Рүстембекұлының термешілік-жыршылық мектебі танымал болды. Тіпті қазіргі уақытта «Көшеней сазы» деп тұрақты атауға болатын мақам-әуеннің де негізі бар.

Терме, дастан, жыр орындау өнерінің кіндік ортасы – Тұрмағамбет ауылындағы Зайыр Рахметов, Берман Бейсенбаев, Қуандық Бүрлібаев, Сүйімбай Ақбаев, Жаппар Тұңғышбаев, Қасарбек Кәрібаев сынды жыршы-термешілердің өнері табиғатында өзіндік ерекшеліктері байқалады, яғни бұлар қысқа әрі ұзақ көлемді шығармаларды жырлайды, екіншіден қысқа көлемді терме-жырды да ұзақ көлемді дастанды да «Жиенбай сазы» секілді әуен-мақаммен орындайды.

Қармақшы өңіріндегі Базар Оңдасұлы, Жиенбай Дүзбенбайұлы, Ешнияз Жөнелдікұлы, Ерімбет Көлдейбекұлы, Омар Шораяқұлы, Тұрмағамбет Ізтілеуов, Тұрымбет Салқынбайұлы ізіндегі ақындық мектеп өнегесі дидактикалық-философиялық өсиет-нақылға толы адамгершілік тақырыбындағы мазмұнды поэзияның негізін салды. Осы аталған ақындардың кейбірі және оның төңірегіндегілер орындаушылық өнерді дамытып, поэзиялық мұралардағы сөз күшінің тәрбиелік мәнін, күдіретін әйгілеп отырады.

Жүсіп Ешниязұлының шығармашылығы қалыптасқан ақындық, жыршылық өнер иелері табиғатында мынандай ерекшеліктер қалыптасты. Біріншісі – авторы белгілі қысқа нақыл, өсиет өлеңдерді термелеп жырлау, екіншісі – Шығыстың, көне әдебиет стилімен қиссаларды, назирагөйлік тәсілмен жазылған ұсақ қисса-дастандарды орындайтын эпик-жыршылық.

Жүсіп Ешниязұлы және оның ақындық ортасы - ақындық айрықша дараланған мекен. XV-XVII ғасырларда қалыптасқан қазақ елінің тарихындағы Сыпыра, Марғасқа, Қазтуған, Шалкиіз секілді жыраулардың XVIII ғасырдағы Бұқар, Ақтамберді, Тәттіқараларға жалғасқан дәстүр ізіне қамшының егіз өріміндей Сыр өлкесіндегі жаңа бір бағыт қосылып еді. Ол – сонау Әл-Фараби заманынан бері желісі үзілмей қалыптасқан жолы бар ақындықтың жазба әрі ауызша, әнші-орындаушылық формасын қатар тұтынған, композиторлық дастанның, жыршы-термешілік өнер түрлерін тұтастай меңгерген өнер иелері. Бұлар XIX ғасырда өнер аспанына көтерілген әнші лирик ақындар мектебінің осы өлкедегі үлкен бір салалы тұлғалары еді. Өнер табиғаты жағынан бұлар Скандинавия елдеріндегі скальдтермен, Батыс Еуропадағы

мейстензингерлермен, трубадурлермен, труверлермен, Түркиядағы, Кавказдағы ашугтермен үндес келеді.

Жүсіп Ешниязұлы бұрынғы Түркістан аймағына қарасты Сырдария облысы, Қазалы уезі, Қуандария болыстығының аулында дүниеге келген. Бұл жер қазіргі Қызылорда болысының Қармақшы ауданы, Тұрмағамбет ауылы.

Әкесі – Ешнияз сал Жөнелдікұлы (1834-1902) қазақтың мәдениеті тарихындағы Біржан сал, Ақан сері, Мәди, Жаяу Мұса, Балуан Шолақ және т.б. өнер тұтастығын меңгерген өнерпаздық дәстүрдің өкілі. Бала Жүсіп осы өз әкесінен, сонымен қатар Сырдария мен Әмудария аралығы аймағындағы, Қаратау атырабындағы, Арал, Атырау теңіздері алқаптарындағы қазақ өнері дәстүрлерінен өнеге алып өседі. Әкесінің және өзі туып өскен ауыл ортасының мұсылмандық білім алу дәстүрімен оқу, жазу сауаты мықты болады. Шығыстың араб, парсы тілдерінде жазуды, оқуды меңгереді.

Әсіресе, Ташкент, Бұхара, Самархан, Түркістан, Ақмешіт, Қоқан, Хиуа қалаларындағы медреседен білім алған ахуын-ұстаздардың әсерімен бұл өлкеде Шығыс әдебиетінің классикалық үлгілерінің сюжеттері көп тарайды. Себебі мұсылмандық білім беру ордасы мектеп-медреселердің кітапханаларындағы араб, парсы, үнді әдебиеттерінің үлгілері халық арасына кеңінен тарады. Жыраулар, сауатты ақындар ахун-ұстаздар таныстырған сюжеттерді ел ортасында термешілерге, жыршыларға жырлатып таратты.

Сырдарияның орта және төменгі ағыстары аймағындағы Шығыстың классикалық әдебиеті үлгілерін оқымысты молдалардың оқып-таратуы ақын-жыраулардың репертуар байлығын молайтты. «Құран» сюжеттерінен бастап, «Мың бір түн», «Тотынама», «Кәлилә мен Димнә» және т.б. алуан-түрлі тарихи аңыздар, ертегілер сюжеттері ақындардың нәзирағөйлік пен жырлау арқылы кеңінен таралды.

Жүсіп ақын да өзі өмір сүрген ортадағы осындай мәдени дәстүрмен қаруланып, сусындап өседі. Бұл дәстүрмен қанығып өсу нәтижесінде оның шығармашылық қалыптасуына, өзінің де сондай туындыларды жазуына негіз қаланды. Әкесі Ешнияз сал Жөнелдікұлы - ел ішіндегі билік, ақсақалдық төрелік істерді атқарған кісі. Кейіннен Жүсіп те ақындығымен таныла келе ел ортасының билік істеріне қатысады, біраз жыл болыс болады.

Жүсіп Ешниязұлының шығармашылығы – қазақ әдебиетіндегі дидактикалық-философиялық әдеби дәстүр аясында танылады. Ақынның лирикалық-дидактикалық өлеңдері, айтыстары, дастандары – бәрі де фольклордағы, жыраулар поэзиясындағы көркемдік үрдістердің жалғасы. Ақынның әдеби мұрасын классикалық мәдени дәстүрлерімен жалғастық поэтикалық үндестік тұрғысында бағалаймыз.

Ақын-тірлік қозғалыстарын жан дүниесімен қабылдайтын, айрықша тіршілік иесі. Жаратылыс құбылыстарының өзара үндескен ұқсас қасиеттерін, сырларын өлең жолдарына айналдырады. Туған халқының психологиялық болмысын терең сезіне білген ақын жұртының қуанышын да, қайғысын да өзіне алады, жыр өзегіне айналдырады. XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бас кезінде – қазақ әдебиетінің сөз өнеріндегі жанрлары өркениеттің озық дәстүрлерінен үндесе өркендеді.

Зерттеуші Ш.Сәтбаеваның осы кезең хақындағы пікірі Жүсіп Ешниязұлы тектес ақындар шығармашылығын тануға жаңаша бағдар береді: «Бұл кезеңдегі әдебиет қайраткерлері өткен ғасырларда қалыптасып орныққан рухани ақыл-ой ізденістерінің тәжірибесін, жетістіктерін пайдалана отырып, идеялық-көркемдік деңгейіе биік асыл мұралар жасады, жаңа тарихи жағдайларда оларды жалғастыра дамытты. Сөйтіп, заман

қажет – мүдделеріне ілесе алды, қоғам қалпын реалистік әрі романтикалық әдіспен бейнелеп, келелі де салмақты ой-тұжырымдар айтты» (Сәтбаева: 1998, 3).

Жүсіп ақынның өлеңдері – өзі ұстанған әдеби дәстүрдің аясында танылатын дидактикалық-философиялық туындылар. Ақын – халық әдебиетінің насихатшысы. Жүсіптің дидактикалық-философиялық өлеңдерінде қазақ халқының ата-бабалар қалыптастырған ұлағат жолы насихатталады. Адамзаттың бәріне ортақ асыл қасиеттерді ғана мұрат тұту басты назарға алынады. Адамның балалық шағынан бастап бозбала, жігіт, жігіт ағасы, ересек, егде болған кезеңдерде ұстанған қасиеттерінің маңындағы адамдарға кейінгі ұрпақтарға үлгі болатын ұлағатты, ғибрат уағыздалады. Жүсіптің «Әлеумет келді жиналып», «Адамдық пен надандық», «Өмір сырлары», «Жақсыдан есте қалған бір ауыз сөз», «Тіл ал!» атты насихат өлеңдері бар. Академик З.Ахметов: «Насихат өлеңнің таңдаулылары өнеге боларлық, тағлым аларлық, ғибраттылық, дидактикалық мәнімен ойды көркемдеп нақышты сөздермен жеткізетін бейнелілігі, тартымдылығымен құнды болған. Насихат өлеңнен сол замандағы қоғамдық көзқарастар, арман-мұраттар, халықтың адамгершілікке, ерлікке, әділдікке ұмтылысы, жақсы мен жаманды қалай түсінетіні айқын танылады» (Әдебиеттану терминдерінің сөздігі: 1996, 147).

Жүсіп – ойшыл ақын. Барлық адамзат үшін дүниеге келгенде бесікке тиген арқасымен ертең-ақ табытқа жататын заңдылығы үнемі еске алу арқылы қысқа ғұмырда имандылықпен өмір сүру ұлағаты ұғындырылады. Насихат өлеңдерінің негізгі идеялық түйіндері – осы фәнидегі адамгершілік, жақсылықты жарқырата таныту, оны бақидағы имандылық игілігіне ұластыру. Бұл – қазақ поэзиясында сонау ежелгі түркілік дәуір әдебиетінен үзілмей жеткен сопылық дүниетаным дәстүрінің жалғасы. «Өлең сырлары» насихат өлеңінде осыны айта отырып, ақын түркілік дүниетаным аясында, фәниді мағыналы өткізуді насихаттайды:

Көңілім – гүл, өмірім – бақша, тілім – бұлбұл,
Адамзат осы үшеумен жайнайды гүл.
Өмірі адамзаттың жаз бен қыстай,
Гүлденіп тұрады ол жасап жыл-жыл...
Қызықты қызық көрер нағыз осы,
Ертерек, есің болса, мұны бір біл!
«Темірді қызған кезде соқ», – деген бар,
Жастарым, ойна да күл, ойлай да біл! (Бес ғасыр жырлайды, 1989, 379).

Жүсіп ақынның аталған өлеңдерінен айтылған теориялық анықтамаға сай мазмұн мен пішін тұтастығын аңғарамыз.

«Әлеумет келді жиналып» өлеңіндегі идеялық-композициялық құрылымның өзіндік ерекшелігі бар. Дидактикалық-философиялық өлеңнің желісінде ақынның психологиялық әдісі де қолданылады. Автор өлеңнің құрылымын өзімен, тыңдаушысымен (оқырманымен) сұхбат тұрғысында жазған. Ақынның өзіне қарата арнауы – әрбір адамның үнемі ұмытпайтын мінез-құлық дағдысы ретінде жырланады.

Қазақтың ақындық поэзиясы ХХ ғасырдың басында ұлы Абай шығармашылығына тән әсемдік өркениеттер тоғысуын сіңіре дамыды. Жүсіп ақынның насихат өлеңдеріндегі ағартушылық-гуманистік ойшылдық сарындары ұлттық поэзиядағы осындай поэтикалық ықпалдастық болмысын да аңғартады. Ғалым С.Қорабаев айтқандай: «Идеи и концепции произведения казахских поэтов и писателей показывают, что они дышали воздухом восточной литературы, не переставая ни на минуту быть писателем европейского образца. Мир просветительских ценностей для них был духовной Родиной, которая должна была вместить в себя и Восток и Запад, что

было свойственно и поэзии Абая» (Корабаев: 1992, 15]. Демек, поэзияның ағартушылық мұраты барлық жастағы адамдарға тәлім-тәрбие ұлағатына насихат түрінде жырланады.

Сөздің құдіреті, ақындық өнері арқылы жарыққа шығатын адамның халық қызметшісі екендігі кіріспе шумақтар арқылы түсіндіріледі:

Әлеумет келді жиналып,
Хикаят сөйле, молда Жүсіп!
Тәкаппарлық өте жаман,
Көтерме көңіліңді кеуіп-пісіп!
Халыққа адам жақпайды,
Көзіңді көріп мақтайды.
«Оздым-ақ жұрттан» деп жүрген де,
Пісентіңе палау пісіп (Кете Жүсіп; 2003, 14).

Дидактикалық өлеңнің құрылымында автордың өзіне, тыңдаушысына қарата жырлауы – поэтикалық сұхбат. Поэтикалық сұхбат – әлем әдебиеттерінде қолданылатын әдістердің бірі.

Қожа Ахмет Иассауи, Ахмет Иүгінеки, Жүсіп Баласағұн және т.б. дидактикалық-философиялық поэтикалық туындыларда да осындай көркемдік әдіс қолданылады. Сөз арқауындағы «Қабуснамада» да, қазақтың қара өлеңдерінде де, жыраулар поэзиясында да бұл құрылым сақталады. Зерттеуші А.Исмақова Абайдың «Қара сөздері» – «Ғақлиясы» құрылымындағы осы бірлік сабақтастығына баға береді: «Действительно, слушатель и герой – это постоянные участники события творчества, которое само по себе является событием живого общения между нами. Сама форма организаций прозаических «Ғақлия» Абая представляет собой активное выражение оценки и отношения как слушателю, так и самому предмету высказывания – к герою или к тому, о чем говорится. По сути, автор, герой и слушатель – это живые силы, определяющие форму и стиль и поэтому так отчетливо ощущаемые компонентным созерцателем» (Исмакова: 1998, 105].

Жүсіп ақынның «Әлеумет келді жиылып» өлеңінде автор-кейіпкер-тыңдаушы бірлігі жүйесі танылады. Өзіне қарата жырлауынан ақын атаулыға міндетті адамзаттық парасат, халық алдындағы борышы, рухани қызметі, парызы үлгі етіледі.

Өлеңнің негізгі бөлімінде ақынның насихат сөзін тыңдаушының да тұлғасы айқындалады. Ақынның жалпы ұлағатты ақылшының сөзін тыңдайтын байсалды, байыпты, маңғаз қазақ ұлты өкілінің тұрпатын елестетеміз. Қазақтың халық даналығы бойынша «Тыңдаушысы жоқ сөз жетім» деген ұлағатты тұжырым бекер айтылмаған.

Ақынның дидактикалық өлеңдері оның адамгершілік тәрбиесіне бағдарланған азаматтық парасат биігіндегі қалпын танытады. Жүсіптің мұндай өлеңдері дидактикалық-философиялық мазмұндағы азаматтық, адамгершілік тәрбиесін негіздей жырлаумен ерекшеленеді.

Өлеңнің негізгі бөлімінде он екі түрлі адамға баға беріледі. Ақын тыңдаушысын өзі бейнелеген сол он екі түрлі адамның мұраттарына баламалап бейнелейді, ондай адамдардың қоғамдық-әлеуметтік ортадағы іс-әрекеттеріне, рухани дүниетанымына баға береді. Бұл өлең – адамгершілік тәрбиенің аса жауапты салмағын ұқтыратын туынды. «Халық айтса, қалт айтпайды» деген даналықтың шындығы, тұрмыстағы реалистік таным бағалауларымен түсіндіріледі. Адамдардың әртүрлі кәсіппен айналысқаны халық ортасында түрліше бағаланатыны аталады. Мысалы: қиялшыл-тапқырды «жеңілтек», қолы ашық мырза – сахиды – «ыржандаған әжуа», елге ақылшы

– биді «тақылдаған тақпақшыл», ешкімге үндемейтін момынды – «аузын бұған өгіз», серілікті, салдықты – «жыртыған сорлы», жатып ішер жалқауды – «азып туған күшік», жұмысы өнбейтін адамды – «есек», саудагерді – «тиын көрген тілемсек алдаушы», мүләйім тақуаны – «дәрет алған мысық», өнерпаз іскерді – «қайырсыз қас өзі», жаудан қорықпаған батырды – «жаны қас жарымдау», топқа қосылмайтын жанды – «зәресі жоқ қорқақ» деп атайтыны жырланады. Сонда алуан түрлі таныммен қарайтын халықтың әлеуметтік ортасындағы әрбір жеке жолы жіңішке аса нәзік тағдырлы тұрмыстық қарым-қатынастың өлшеміне ақын өзінің насихат тілімен бағдар-бағыт, үгіт сөзін айтады:

Бұл халыққа адам жақпас,
Жамандықтан пайда таппас.
Жақсылық болса ете бер,
Қолыңнан келсе әрнешік!
Насихат сөзге құлақ сал,
Лебізің болсын шырын бал!
Тірі жанмен шатаспа,
Мүләйім бол сонша кішік.
Кімде-кімнің ұлындай бол,
Жасы үлкеннің «құлындай» бол,
Аңқауырақ қолбандау бол,
Тым жүгініп – болма пысық!
Қазынаға жетер жол қуған,
Бәлеге қалар сөз қуған... (Кете Жүсіп, 2003, 10).

Жүсіптің «Өсиет» атты туындысы – қоштасу және насихат өлеңдер жанрларының қосындысы. Ақын өзінің фәниден өтетіне байланысты халқымен қоштасып, тіршілікпен қарым-қатынастарда болған кемшіліктер үшін кешірім сұрайды.

Өткінші өмір кезеңінен өзі кетіп бара жатса да, арттағы қалып бара жатқан туған халқының адамгершілік-имандылық тазалығын сақтаған үлгілі болу туралы насихат сөзін арнайды:

Кекесін, ел ішінде дау көбейсе,
Ерлерім, түзелмейді, ойла қалпың!
Қалайда қарындасқа, қоғамды бол.
Кеңкіме, кішіктенгіл, келсе қартың!
Саламат ел иесі, аман жүрсең,
Пейілің кең болсын жұртқа, жүзің жарқын!
Жайлы бол, жанның көңілін жабырқатпай,
Сыр бермей сыпалардың ұстап салтын!
Береке татулықпен табылады,
Сақтансаң сабырлы боп, бұзбай әлпің!
Араңа араздық от тұтандырма,
Білгенге ашу – дұшпан, ақыл – алтын (Кете Жүсіп: 2003, 21).

Бұл – қазақ халқының тұтастығын ойлаған нағыз Азамат-Ақынның сөзі. Бұл – сонау Тоныкөк, Күлтегін, Білге, Істеміс қағандар армандаған бірлікті жырлаған Иоллығ Тегін, Қазақ хандығының тұтастығы үшін арпалысқан Сыпыра, Асанқайғы, Шалкиіз, Марғасқа, Доспамбет, Бұхар жыраулармен үндесетін азаматтық тәрбие насихаты. Ақын қарындас, қандас туған халқының қариясынан бөбегіне дейін қамқор болып, барша жанға жайлы, кішік, сабырлы мінезбен береке, татулық өсиетін жазып, нағыз ел иесі болу ұлағатын ұғындырады.

Ақынның бұл өлеңінде ата-бабаның тәлім-тәрбиелік жолын жалғастыру өсиет етіледі. Өлеңде жеке тұлғалардың әлеуметтік ортадағы мінез-құлық мәдениетінің үлгілі сапаларымен бағалануы уағыздалады.

Жан мен тән тазалығын сақтаған үлгілі ұрпақ қазақ ұлтының ежелден бергі ең арманды асыл мұраты. Осындай халықтық мұратқа орай ақын қарапайымдылықты, сабырлықты, дүниеге қызықпауынды, өтіріктен, ұсақтықтан аулақ болуды, жақсыларға жақын жүруді және т.б. адамгершілік қатынастарының сырларын нақтылай жырлайды, парасатты адамгершілік жолына шақырады:

Көп жүкті көтереді бүтін туған,
Ерлік іс-мүсibatқа белін буған!
Аздырма ата жолын әрқашанда,
Жоспарлы, ізгіліктің ізін қуған.
Алғаусыз айтқан сөзің көпке ұнаса,
Секілді көңіл-күйдің кірін жуған.
Айтысқан жақынмен, жатқа жем боп,
Қалады қатар шауып ұмтылудан.
Бүтіндеп өзінді-өзің, ел болмасаң,
Ерлерім ешнәрсе өнбес «жыртылудан».
«Болам-деп, бұрынғымдай!» бос жүрмеңдер,
Ауруын арамдықтың кешір, елім.
Бел байлап тіршілікке, болмай араз,
Жалынын жауыздықтың өшір, елім! (Ешниязұлы: 2003, 56, 20).

Ақынның насихат өлеңдері адамдардың туған халқы үшін азаматтық-қайраткерлік қызмет атқаруға шақырады. Ақын өзінің машықтанған әдісімен тыңдаушысының тұлғасына қарап сөз арнайды. Өлеңнің идеялық-композициялық құрылымындағы кейіпкер тыңдаушы ақынның насихатын қабылдаушы, өз тұсындағы, кейінгі ұрпақтарға таратушы ретінде елестейді. Мысалы: «Кете Жүсіптің бір оқыған жігітке айтқаны» атты насихат өлеңі – азаматтық-гуманистік ойға құрылған шығарма. Ақынның сөз нысанына алған, өзімен сұхбаттас еткен кейіпкері – жасы кіші жас адам. Осы тыңдаушы кейіпкерін ақын қазақ ұлтының қайраткері, ақын мен білімді тоғыстырған парасат иесі қалпында көргісі келеді:

Келтірмес өлімді ойға нәпсіге ерсең,
Еркінді, ер емессің, оған берсең.
Кетеді ара жолда алдандырып,
Алдыңа әуес атты қойып кірсең.
Ау, інім, ақылың ала ойлан ойды,
Тұрақсыз түсіп жүрген жолың дөңсең.
Еңбектің тұлға аспағы екі талай,
Табындап тас көшеде аттай желсең.
Міржақып арғын Мадияр Дулатовтай,
Журналға сөз беруге иінді біл, сен (Кете Жүсіп: 2003, 57, 52].

Насихат өлеңдегі Тыңдаушы – Кейіпкерінің мағыналы өмір сүруін айтуда ақын дәстүрлі ақындық поэзиядағы жас шама үлгісімен жырлауды да қолданады. Жас шамаларына арналған өлеңдерді зерттеушілер Х.Досмұхамедұлы (Досмұхамедұлы: 1991, 24), Т.Тебегенов (Тебегенов: 2001, 68-86) «Ғұмырнаманың – өмірбаяндық өлеңдер» деп атайды.

Адамның әртүрлі жас кезеңдерінің жас шамаларымен белгілене жырлануы түркі әдебиетіндегі суфизм поэзиясының алыбы Қожа Ахмет Иасауиден басталады. Мысалы: «Диуани хикметте»:

Жеті жаста Арыстан Бабқа қылдым салам,
Мұстапаның аманатын бер деп маған.
Сол мезетте мың бір зікір еттім тамам,
Нәпсім тыйып Аллаға бет бұрдым міне (Иасауи: 1993, 19).

Ақындар поэзиясында 1-100 жас аралығындағы адамның барлық жас кезеңдеріне тән физиологиялық, әлеуметтік, тұрмыстық мәселелер бейнелене жырланады.

Ақын өзінің кейіпкерлерінің өмір кезеңдерін көзіне елестете жырлайды. Қырық жастың қырқасына шыққан азаматтық жастық пен есейгендіктің қабаттасқан кезеңінде болатыны, жеңілдіктен арылып, әрбір істі жан-жақты кемелденген оймен кесіп-пішетіндігі жырланады:

... Қырық жаста қырым шаһар ақыл толар,
Елегзіп екі жаққа жақын қонар.
Бірде – үлкен, бірде – жастық қосын жегіп,
Шынында адал ерте абырой қонар.
Жеңіл іс, бойдан қайрат қайтпас күштен,
Толығар ой өркендеп ақыл-естен.
Жақсылық, жамандықтың бәрін өлшеп,
Келтірер кемеліне тондай пішкен (Кете Жүсіп: 2003, 57, 53].

Өмір кезеңіне әрбір ақынның өзіндік бағасы бар. Қазақ поэзиясының тарихында елу жасты жігіт ағасы болған байсалды, салмақты тұлғалық қалыпты елестете жырлайды. Қазақтың ақындық поэзиясында адамның жас шамасы кезеңдерін бір және жүз жас аралығында алып жырлау – тұрақты дәстүр.

Ақындар адамның жарты ғасырлық өмір белесіне көтерілген кезеңнің егделікке бет алған бағдарын реалистікпен суреттейді. Жүсіп ақын да осы өлеңінде сол дәстүрге сай өрнектейді:

... Елу жас жүз бен бірдің шекарасы,
Сырт көзге сырынды алса әркім сенер.
...Елуде ен салынар бет пен көзге,
Елеулі болар денең бұдан өзге.
Бозбала қызыл-жасыл бас қосқанда,
Толқындай тоқтау енер айтар сөзге (Кете Жүсіп: 2003, 57, 55).

Адамның жасы ұлғайған кезеңдері – өзі өмір сүріп келе жатқан әлеуметтік ортадағы лайықты орнының белгіленуі. Байсалды, байыпты көңіл-күйі, кейінгі толқын жас буынның өзіне ілтипатпен қарауы, ізгі ойларымен маңайына және кейінгі ұрпақтарға өнеге жолын қалдыруы – әрбір ізгі ниетті адамның мұраты. Жүсіп ақын алпыс, жетпіс жас кезеңдері иелерінің адамның маңындағы кішілерге қандай әсер беретініне мән береді. Тыңдаушысы –кейіпкерін жалпы адамзаттың жинақталған романтикалық тұлғаға айналдыра жырлаған ақын қарттық кезеңдерін элегиялық мұңлы-шерлі психологиялық сипатын жырлайды:

... Елуден алпыс ары қатар дейді,
Жас бала, бозбала мен ботаң дейді.
Қаймығып «қайнаға» деп келіндерін,

Көрсетіп баласына «атаң» дейді...
... Екінші елуді аттап алшыс ассаң,
Алаңсың әр мінезді доғарамыз.
Жебелеп жексұрын жас-жетпіс келсе,
Сонымен мұнан әрі жоғаламыз.
Тағдырдың міне осылар қымбаттығы,
Сымпиған небір сұлу сымбаттығы,
Дариға, өткенше өмір отыр сөйтіп.
Тамаша түс көргендей қымбаттығы (Кете Жүсіп: 2003, 53-54)].

Ақынның насихат жырының арқауы – адамдарды өмір сүргіштікке, құштарлыққа үндеу. Пәни дүниенің жалт етіп өте шығатын қас қағымдық кезеңін мағыналы да мәнді өткізу ұлағаты жас шамаға арналған өлеңдерде үнемі жыр желісінде болады. Аталған насихат өлеңдегі ақынның лирикалық серпілісінен тыңдаушысына (оқырманна) қарасты тебірене толғауы – адамдарды оптимизмге, рухани құлшынысқа шақырады:

... Атақты азаматтың өздерісіз,
Жарасқан жақсы жолға екіленсең.
Тоныңды топқа киер бос тоздырып,
Болады неге тұлға келген жеңсең.
Болғанда тағат - атаң, сайаб - анаң,
Аштық жоқ қанағатпен сүйіп емсең (Кете Жүсіп: 2003, 57, 52)].

Ақын – өзінің рухани болмысымен (қолымен тілімен, жүрегімен, бүкіл ішкі жан дүниесімен) үнемі сұхбаттаса жүретін психологиялық сыры күрделі тұлға. Жүсіп ақындығының лирикалық сыршылдығы насихат өлеңде де байқалады. Насихат жырының желісіндегі идеялық бағдар – адамның осы фәни жалған дүниені лайықты өткізуін уағыздайды.

Ақынның насихаты – ақын тұлғасының шығармашылық болмысы. Өлеңдері халқының жүрегіне ұялаған, адамзаттығы мен өнері тұтасқан нағыз ақынның шығармашылығын жарқырата таныту керектігі айтылады:

... Ал, қолым, қалам алып қиялға кел,
Мысалы, жауған қардай құйсын тер - сел.
... Сөйлеп қал, тіршілікте тіл мен жағым,
Тұрғанда дененде жан, баста бағың,
Ойнап қал, он саусағым домбыраға,
Маусымды таусылғанша гүлдер шағың.
Жайнаған дәл осы шақ жасыл күнің,
Серуендеп сандуғаштай сайра, тілім (Кете Жүсіп: 2003, 52-53)].

Ақын дарынсыз, талантсыз жандардың өнерге араласуы бәрібір ешқандай нәтиже бермейтінін дәлелдейді. Таланты жоқ құр кеуде кейбір адамдардың қанша тыраштанғандарымен ешқандай жетістікке жетпейтіні бейнелі сөздердің мағыналы астарларымен мегзеле жырланады:

... Суытып қанша баптап, баққанменен,
Шобыр ат шаба алмайды болмаса жел.
Болса егер өзі надан көңілі соқыр,
Оларда халыққа айтарлық болмайды тіл.
Жарамас түстік жерге мініп барсаң,
Атыңды астыңдағы болмаса шел.

Ақыры ол да болса бір тоқтайды,
Мысалы, ақсаң-дағы дариядай Ніл (Кете Жүсіп: 2003, 52-53).

Насихат өлеңдері – дидактикалық поэзиядағы негізгі арнаны құрайтын туындылар. Фольклор мен Шығыс әдебиеттерінде кең өрістеген халықтың тәлім-тәрбие сарындары Жүсіп және онымен дәстүрлес ақындық поэзияда осылайша кең өрістеді.

Жүсіптің нақыл өлеңдері де бар. Академик З.Ахметов: «Нақыл өлең – ғибратты, тағылым берерлік мәні бар, ойды ықшамды, ұтымды түрде жеткізетін, өткір нақышты сөздерге негізделетін терме жырлар, өлеңдер» (Әдебиеттану терминдерінің сөздігі, 1996, 146], – дейді.

«Ешниязұлы Жүсіптің термесі», «Кете Жүсіптің Тұрмағамбет пен Омарға жазғаны» атты өлеңдеріндегі ойлар жүйесі философиялық тереңдіктерімен баурады. Ақын адамзаттық ұрпақтар жалғастығы жүйесіндегі замандар бойы желісі үзілмеген мәселелерді жырлайды. Адамдардың қанағат атты көңілі байлығымен кемелденген болмысына баға беріледі. Тұрмағамбет пен Омарға жазған хатында мағыналы өмір ұлағаты, ғибраты естіледі:

... Бедеудің иман атты беріп жемін,
Жалғанда жарастық сол жалын өрсең.
Секілді тағат – атаң, сауал - анаң,
Аштық жоқ қанағатпен сүт емсең (Кете Жүсіп: 2003, 50).

«Қызығы бұл дүниенің мал менен бақ» өлеңіндегі нақыл сипатындағы өрімдер – халық әдебиетіндегі тұрақты тіркестерге айналған сөз қолданыстарымен үндеседі. Тіршілік қозғалыстарындағы адамдардың уақыт пен кеңістік жүйесіндегі қас қағымдай сәттегі игіліктерді игеру мүмкіндіктерін саралайды. Өлеңнің идеялық бағдары дәстүрлі жас шамаға мән бере жырлаумен үндеседі: «Он бес пен жиырманьң арасында жігітке бір қызыл жел болады тап» (Кете Жүсіп: 2003, 25) деген кезеңдегі сән-салатанатпен жүрген бозбаланы, жігіттік шақтың қызықты дәурені суреттеледі.

Сұлу жарға («Кездесіп жазық маңдай зердей көз», «Түлкі тымақ») үйлену мұраты да айтылады. Отыз жасқа жеткеннен кейінгі молшылық тұрмысты болудың қызықты ұлттық ділге лайықты суреті үлгі етіледі.

... Тарықпай киер киім, мінер аттан,
Кетпесе ердің бойын дұшпаны сынап
Шай-шекер, ет пен палау сай боп тұрса,
Күйзелмей кетіп тұрса келген қонақ (Кете Жүсіп: 2003, 26).

Нақыл өлең – тіршіліктегі құбылыстарды, адамзат тұрмысы қайшылықтарын салыстыра шендестіре бейнелейтін шығарма. Дидактикалық поэзияның қалыптасу жолында философиядағы осы негізгі заңдылық тұрақты түрде алына жырланады.

Жүсіп ақын да тұрмыс қайшылықтарын нақыл өлең желісінде поэтикалық мағыналық астарлары қалың бейнелі өрнектермен бейнелей жырлайды:

... Жердің де бірі – биік, бірі – ылди,
Білгенге азаматқа осындай-ақ.
Ол түрлі сауық-сапа етпек түгіл,
Пүшәйман баз біреуге ішер тамақ.
... Асқарға асылғанмен қол жете ме?
Көңіліне жаңқаланып түседі дақ,
Жігіттің аз ақылын алжастырар,
Аласы тұс-тұсынан тұрса қамап.